## Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 21 ақпандағы № 02-01-02/32 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 14 наурыздағы № 6801 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 06-7/120 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 28.08.2013 № 06-7/120 бұйрығымен.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз ету департаменті (М.Ы. Өтешев ) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға* *Қ. Нұрпейісов*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 21 ақпандағы № 02-01-02/32 бұйрығымен бекітілген

## Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары

1. Осы Құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары (бұдан әрі – үлгілік біліктілік талаптары) «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 29-бабының 3-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

2. Үлгілік біліктілік талаптары келесі құқық қорғау органдарда лауазымдарына белгіленеді:

1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында (бұдан әрі – БП);

2) Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде (қаржы полициясы) (бұдан әрі – ЭСЖКА) ;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінде (бұдан әрі – ІІМ);

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінде (бұдан әрі – Т Ж М ) ;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінде (бұдан әрі – ҚАЖК);

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінде (бұдан әрі – КБК).

3. Құқық қорғау органдар құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына осы үлгілік біліктілік талаптары негізінде олардың штат кестесінде қарастырылған құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді.

4. Басшылық лауазымдарға жатпайтын құқық қорғау органдарындағы лауазымдарына басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілінің бар болуы талап етілмейді.

5. Үлгілік біліктілік талаптары жұмыс орнына байланысты лауазымдардың бес топтарына бөлінеді және оларға қатысты лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарға ұсынылады.

Бірінші топқа ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК, КБК, ЭСЖКА, БП орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдары жатады.

Екінші топқа ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК, КБК, ЭСЖКА облыстық (республикалық маңызы бар қала) аумақтық органдары, БП облыстық органдары қызметкерлерінің лауазымдары жатады.

Үшінші топқа ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК, КБК қалалық, аудандық (қалалардағы аудандық) аумақтық органдары, БП аудандық органдары қызметкерлерінің лауазымдары жатады.

Төртінші топқа Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары, әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелері, өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлері, арнайы мақсаттағы бөлімшелердің ішкі істер органдары, ІІМ саптық бөлімшелерінің ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдары жатады.

Бесінші топқа ІІМ, ТЖМ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің оқу орындары қызметкерлері, ЭСЖКА Қаржы полициясы академиясы қызметкерлерінің лауазымдары жатады.

6. Лауазымдардың топтарында лауазымға қойылатын өтілі бойынша талаптарға сәйкес топшалар бөліп шығарады.

7. Құқық қорғау органдарындағы бірінші тобының лауазымдарына келесідей

үлгілік біліктілік талаптары белгіленеді:
1) бірінші топшасы үшін ((комитет төрағасы – ТЖМ, ІІМ, ҚАЖК (C-SV-1), төраға – КБК (Қ-КБ-1), аппарат басшысы – ІІМ, ТЖМ (C-SV-1), ЭСЖКА (C-FP-1 ) ) :
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
үміткер лауазымға орналасуға үміттенетін құқық қорғау органның (бұдан әрі – тиісті құқық қорғау орган) лауазымдарында жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не төрт жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не он бір жылдан кем емес құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бар болуы, оның ішінде алты жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не бес жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не төрт жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің он екі жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес жұмыс өтілінің он үш жылдан кем емес, оның ішінде жеті жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;
Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының лауазымдары үшін ( департамент бастығы, Бас прокурордың аса маңызды тапсырмалар жөніндегі аға көмекшісі – БП (C-GP-1)):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында қызмет өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде орталық аппаратта басшылық лауазымдарда, облыстық

органның басшысы орынбасары лауазымдарында, жиынтықтағы тиісті құқық қорғау органның аудан органындағы бірінші басшы лауазымында екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мәні бірдей лауазымдарда немесе келесі төменгі санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік қызметте он бір жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес жұмыс өтілінің он үш жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

2) екінші топшасы үшін (Комитет төрағасының орынбасары – ТЖМ, ІІМ, ҚАЖК (C-SV-2), төрағаның орынбасары – КБК (Қ-КБ-2), департамент бастығы ( директоры) – ТЖМ, ІІМ (C-SV-2), ЭСЖКА (C-FP-2)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не екі жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не құқық қорғау қызметінде он жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не екі жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің он бір жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес жұмыс өтілінің он екі жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының лауазымдары үшін (БП департамент бастығының орынбасары, дербес басқарма бастығы – БП (C-GP-2)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында қызмет өтілінің жеті жылдан кем емес, оның ішінде орталық аппаратта басшылық лауазымдарда, облыстық органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары лауазымдарында, жиынтықтағы тиісті құқық қорғау органның аудан органындағы бірінші басшы лауазымында бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мәні бірдей лауазымдарда немесе келесі төменгі санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік қызметте он жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес жұмыс өтілінің он екі жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;
3) үшінші топшасы үшін (департамент бастығының (директорының) орынбасары – ТЖМ, ІІМ (C-SV-3), ЭСЖКА (C-FP-3), департамент бастығының ( директорының) бірінші орынбасары – ЭСЖКА (C-FP-3), басқарма бастығы – ТЖМ, ІІМ (C-SV-3), ЭСЖКА (C-FP-3), аппарат басшысының орынбасары – ЭСЖКА (C-FP-3)):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не екі жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не бір жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не құқық қорғау қызметінде тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда немесе

келесі төменгі санаттағы лауазымдарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес жұмыс өтілінің он бір жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

4) төртінші топшасы (департамент, комитет басқармасының бастығы – ТЖМ, ІІМ, ҚАЖК (C-SV-4), басқарма бастығы – КБК (Қ-КБ-3), департамент басқармасының бастығы – ЭСЖКА (C-FP-4), басқармасы бастығының орынбасары – ЭСЖКА (C-FP-4), ТЖМ, ІІМ (C-SV-4), баспасөз хатшысы – ЭСЖКА (C-FP-3), орталық органның бірінші басшысының кеңесшісі – ІІМ, ТЖМ (C-SV-4), ЭСЖКА (C-FP-3), БП, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚСжАЕК) басқармасының бастығы, Бас прокурордың аға көмекшісі – БП (C-GP-3)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, немесе келесі төменгі топшадағы лауазымдарында жұмыс өтілінің екі жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

5) бесінші топшасы үшін (департаменттің, комитеттің басқарма бастығының орынбасары – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-5), басқарма бастығының орынбасары – КБК (Қ-КБ-4), бөлім бастығы – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-5), КБК (Қ-КБ-4), департаменттің басқарма бастығының орынбасары, департаменттің бөлім бастығы, басқармасының бөлім бастығы – ЭСЖКА (C-FP-5), БП басқарма бастығының орынбасары, бөлім бастығы, ҚСжАЕК бөлім бастығы, Бас прокурордың кеңесшісі, көмекшісі – БП (C-GP-4)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің жеті жылдан кем емес, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, оның ішінде келесі төменгі топшадағы лауазымдарында жұмыс өтілінің бір жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің жеті жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;
6) алтыншы топшасы үшін (департамент, комитет басқармасының бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-6), басқарманың бөлім бастығы – КБК (Қ-КБ-5), департаменттің бөлім бастығының орынбасары, департамент басқармасының бөлім бастығы, орталық органның бірінші басшысының көмекшісі – ЭСЖКА (C-FP-6), БП басқармасының, бөлімінің аға прокуроры, ҚСжАЕК басқармасының, бөлімінің аға прокуроры – БП (C-GP-5)):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес, оның ішінде бір жарым жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;
7) жетінші топшасы үшін (департамент, комитет басқармасының бөлім бастығының орынбасары, бөлімше бастығы – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-7), аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (инспектор) – ЭСЖКА (C-FP-7), БП басқармасының, бөлімінің прокуроры, ҚСжАЕК басқармасының, бөлімінің прокуроры – БП (C-GP-6)):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін

жоғары кәсіби;
жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің төрт жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің жеті жылдан кем емес, оның ішінде бір жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;
8) сегізінші топшасы үшін (аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (жедел уәкіл), аға офицер – ІІМ (C-SV-8), бас маман – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-8), КБК (Қ-КБ-6), аға тергеуші (инспектор) – ЭСЖКА (С-FP-8):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің екі жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің төрт жылдан кем емес, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;
9) тоғызыншы топшасы үшін (аға маман – ІІМ, ҚАЖК, ТЖМ (C-SV-9), КБК ( Қ-КБ-7), офицер – ІІМ (C-SV-9), маман – ІІМ, ҚАЖК (C-SV-10), тергеуші ( инспектор) – ЭСЖКА (С-FP-9)):
білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;
денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;
осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;
құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бір жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің үш жылдан кем емес, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;
10) оныншы топшасы үшін (кіші маман – ІІМ (C-SV-11), кіші инспектор – ЭСЖКА (С-FP-10), аға маман – ІІМ (C-SV-12), маман – (C-SV-13), кіші маман – (

C-SV-14)):

білім – орта арнайы;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2011.09.06 № 02-01-02/189 (ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2012.11.07. № 02-01-02/155 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Құқық қорғау органдарындағы екінші тобының лауазымдарына келесідей үлгілік біліктілік талаптары белгіленеді:

1) бірінші топшасы үшін (облыс прокуроры – БП (С-OGP-1)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында қызмет өтілінің он екі жылдан кем емес, оның ішінде орталық аппаратта басшылық лауазымдарда, облыстық органның бірінші басшысының орынбасары лауазымдарында, жиынтықтағы тиісті құқық қорғау органның аудан органындағы бірінші басшы лауазымында екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің он төрт жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не он екі жылдан кем емес судья лауазымында жұмыс өтілінің бар болуы;

2) екінші топшасы үшін (облыстық аумақтық орган басшысы – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (C-SVO-1), департаменттің бастығы, кеденнің бастығы – КБК (Қ-ОКБ-1), аумақтық органның басшысы – ЭСЖКА (C-FPO-1)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық

лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не екі жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не бір жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не құқық қорғау қызметінде он жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не төрт жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің он бір жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының лауазымдары үшін (облыс прокурорының бірінші орынбасары, ҚСжАЕК облыстық орган бастығы – БП (C-OGP-2)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында қызмет өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде орталық аппаратта басшылық лауазымдарда, облыстық органда, жиынтықтағы тиісті құқық қорғау органның аудан органындағы бірінші басшы лауазымында екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мәні бірдей лауазымдарда немесе келесі төменгі санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің он бір жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не он жылдан кем емес судья лауазымында жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік қызметте он екі жылдан кем емес, оның ішінде алты жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

3) үшінші топшасы үшін (облыстық аумақтық орган басшысының орынбасары – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (C-SVO-2), департамент бастығының орынбасары, кеден бастығының орынбасары – КБК (Қ-ОКБ-2), мамандандырылған кеден мекемесінің бастығы – КБК (Қ-ОКБ-3), аумақтық орган басшысының орынбасары – ЭСЖКА (C-FPO-2)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не бір жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау қызметінде тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес аудан деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не үш жылдан кем емес облыс деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не екі жылдан кем емес орталық деңгейінде басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының лауазымдары үшін (облыс прокурорының орынбасары, ҚСжАЕК облыстық орган бастығының орынбасары – БП (С-OGP-3)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында қызмет өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде орталық аппаратта басшылық лауазымдарда, облыстық органда, жиынтықтағы тиісті құқық қорғау органның аудан органындағы бірінші басшы лауазымында екі жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не мәні бірдей лауазымдарда немесе келесі төменгі санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не тоғыз жылдан кем емес судья лауазымында жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік қызметте он бір жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

4) төртінші топшасы үшін (басқарма бастығы – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (С-SVO-3), КБК (Қ-ОҚБ-5), мамандандырылған кеден мекемесі бастығының орынбасары –

КБК (Қ-ОКБ-4), кеден бекетінің бастығы – (Қ-ОҚБ-5), аумақтық органның басқарма бастығы – ЭСЖКА (C-FPO-3), облыс прокуратураның басқарма бастығы, ҚСжАЕК облыстық органы басқармасының бастығы, облыс прокурорының аға көмекшісі – БП (C-OGP-4)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы , не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің он жылдан кем емес, оның ішінде бес жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

5) бесінші топшасы үшін (басқарма бастығының орынбасары – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (C-SVO-4), КБК – (Қ-ОКБ-6), бөлімнің бастығы – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК ( C-SVO-4), КБК – (Қ-ОКБ-6), кеден бекеті бастығының орынбасары – КБК ( Қ-ОКБ-6), аудандық органның басқарма бастығының орынбасары, аудандық органның бөлім бастығы – ЭСЖКА (C-FPO-4), облыстық прокуратураның басқарма бастығының орынбасары, ҚСжАЕК облыстық органы басқармасы бастығының орынбасары – БП (C-OGP-5)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, немесе келесі төменгі топшадағы лауазымдарында жұмыс өтілінің екі жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің жеті жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің

бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде төрт жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

6) алтыншы топшасы үшін (басқарманың бөлім бастығы, бөлім бастығының орынбасары – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (С-SVO-5), басқарманың бөлім бастығы – КБК ( Қ-ОКБ-7), аумақтық органның бөлім бастығының орынбасары, аудандық органның басқарма бөлім бастығы – ЭСЖКА (С-FPO-5), облыстық прокуратураның бөлім бастығы, ҚСжАЕК облыстық органының бөлім бастығы, облыс прокурорының көмекшісі – БП (С-OGP-6)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

тиісті құқық қорғау органның лауазымдарында жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, не құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, оның ішінде келесі төменгі топшадағы лауазымдарында жұмыс өтілінің бір жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің алты жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің сегіз жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

7) жетінші топшасы үшін (басқарманың бөлім бастығының орынбасары, бөлімшенің бастығы – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (С-SVO-6), КБК (Қ-ОКБ-8), аумақтық органның басқармасы бөлім бастығының орынбасары, аумақтық органның бөлімше бастығы – ЭСЖКА (С-FPO-6)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

жоғары арнайы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы лазым;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің үш жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес, оның ішінде екі жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда

жұмыс өтілінің жеті жылдан кем емес, оның ішінде үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің бар болуы;

8) сегізінші топшасы үшін (бас маман – ІІМ, ТЖМ, ҚАЖК (C-SVO-7), КБК ( Қ-ОКБ-9), мамандандырылған кеден мекемесінің бас маманы (кеден сарапшысы, оқытушы, кинолог, мал дәрігері, медицина-санитарлық бөлімінің маманы, оқу-әдістемелік орталықтың әдістемешісі) – КБК (Қ-ОКБ-9), аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (жедел уәкіл), аға офицер – ІІМ (C-SVO-7), аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (инспектор) – ЭСЖКА (C-FPO-7)):

білім – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби;

денсаулық жағдайына қарай құқық қорғау органдарында қызмет етуге жарамдылық;

осы топшадағы лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білім және дағды;

құқық қорғау қызметінде жұмыс өтілінің екі жылдан кем емес, не мемлекеттік органдарда жұмыс өтілінің үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы, не осы топшадағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

